

**Біржан сал ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 28 наурыздағы № а-3/124 "Біржан сал ауданында ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін квота белгілеу туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Ақмола облысы Біржан сал ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № а-12/279 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 11 қаңтарда № 26434 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес Біржан сал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Біржан сал ауданы әкімдігінің "Біржан сал ауданында ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін квота белгілеу туралы" 2018 жылғы 22 наурыздағы № а-3/124 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6537 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Біржан сал ауданы әкімінің орынбасары О.Т. Ахметоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Біржан сал ауданының әкімі*

*Д.Есжанов*